

Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 маусымда № 11395 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.04.2020 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көліктік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 17 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов
2015 жылғы 10 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев
2015 жылғы мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 206 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағида жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.04.2020 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 13-бабының 23-14) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

Республикасының Заңы (бұдан әрі - "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көлік құралының габаритін, салмағын және (немесе) біліктік жүктемелерін ескере отырып, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және елді мекендердің көшелері арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының жол берілетін габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын, автокөлік құралдарымен тасымалданатын бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдаумен байланысты барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) ауыр салмақты автокөлік құралы - толық салмағы немесе біліктік жүктемелері Қазақстан Республикасы аумағында автомобиль жолдарымен жүру үшін белгіленген рұқсат етілген салмақтық параметрлерден асатын жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралы;

2) ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсат - Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерінен габариті, салмағы және (немесе) біліктік жүктемелері бойынша асып түсетін жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі бар, не мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктері бар, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне құқық беретін қағаз тасығыштағы немесе электрондық рұқсат беру құжаты (бұдан әрі - арнайы рұқсат);

3) бақылаушы органдар - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - уәкілетті орган), әкімшілік полиция және Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі - мемлекеттік кіріс органдары);

4) бөлінбейтін жүк - тасымалдау кезінде мақсатын өзгертпей, шамадан тыс шығындарсыз немесе оның бүліну тәуекелінсіз екі немесе одан көп бөлікке бөлуге болмайтын ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк;

5) бүркемелеу автомобилі - ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына барлық жүру бағыты бойынша ілесіп жүру үшін тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші бөлген автомобиль;

- 6) еңістік (бір қатарлы, екі қатарлы)- автокөлік құралы білігінің бір жағында орналасқан (дара, қосарланған) дөңгелектердің саны;
- 7) жергілікті тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде өтетін тасымал;
- 8) келісуші ұйымдар - автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдар немесе ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүру бағытында автомобиль жолдары, жол құрылыстары және коммуникациялық объектілері (көпірлері, жолөткелдері, темір жол өтпелері, электр желілері, байланыс кабелдері және т.б.) теңгерімінде бар, шаруашылық жүргізу, сенімгерлік немесе жедел басқару құқығында автомобиль жолдарына иелік ету немесе басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;
- 9) көліктік бақылау посты - арнайы лайықталған ғимаратпен немесе арнайы автокөлікпен жабдықталған, техникалық бақылау құралдарымен жарақтандырылған стационарлық немесе жылжымалы бақылау-өткізу пункті;
- 10) отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі үшін алым - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25-желтоқсандағы кодексінде (бұдан әрі - Кодекс) белгіленген тәртіппен алынатын ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі салдарынан автомобиль жолдарына және жол құрылыстарына келтірілген залалды ақшалай өтеу (бұдан әрі - автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым);
- 11) өңіраралық тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының екі және одан да көп облысы арқылы өтетін тасымал;
- 12) өңіраралық тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының екі және одан да көп облысы арқылы өтетін тасымал;
- 13) ілесіп жүру автомобилі - жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына автомобиль жолдарымен ілесіп жүретін, тиісті тану белгілері бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының әкімшілік полиция бөлімшелерінің (бұдан әрі - әкімшілік полиция) ақысыз негізде ұсынатын патрульдік автомобилі;
- 14) ірі габаритті автокөлік құралы - автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген габариттік параметрлері асып түсетін жүгімен немесе жүксіз автокөлік құралы;
- 15) ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк - автокөлік құралдарымен тасымалдау кезінде рұқсат етілген габариттік параметрлерден асатын және (немесе) жүгі бар автокөлік құралының толық салмағы немесе біліктік жүктемелері автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген салмақтың параметрлерден асып түсетін жүк;

16) ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдау бағытын келісу - келісуші ұйымдардың ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының белгіленген бағыт бойынша жүру шарттарын белгілеуі.

2-тарау. Автомобиль жолдары бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібі

4. Автомобиль жолдары бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралымен тасымалдауға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы рұқсат болған кезде ғана рұқсат етіледі

5. Автомобиль жолдары бойынша қозғалу үшін автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын автокөлік құралының габариттері мен салмағын ескере отырып, бөлінетін жүктерді автокөлік құралымен тасымалдауға жол берілмейді.

6. Автомобиль жолдары бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелердің, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесінің (бұдан әрі - ЖЖҚ) және осы Қағидалардың талаптарына, сондай-ақ оларды өндіруші немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) белгілеген ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктердің тасымалына қойылатын қосымша талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау, оның ішінде Арнайы рұқсатты алу бөлігіндегі жалпы шарттар халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында айқындалады.

8. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға тиісті санаттағы автокөлік құралын басқару құқығы бар жүргізушіге рұқсат етіледі.

9. Тасымалдаушының және (немесе) жүк жөнелтушінің жауапты өкілі ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған

автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдаумен айналысатын жүргізуші(лер)ге және жүк жинаушыларға қауіпсіздік техникасы жөнінде арнайы нұсқаулық өткізеді.

10. Қозғалыс басталар алдында бекітіліп берілген ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүктермен немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкпен бірге автокөлік құралын жүргізуші, жүк тасымалдаушы мен жүк жөнелтушінің жауапты өкілдері қарап тексереді. Жүк Заңның 13-бабының 23-9) тармақшасына сәйкес бекітілген автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес бекітіледі және таңбаланады.

11. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдары, сондай-ақ бүркемелеу автомобильдері қызғылт немесе сары түсті арнайы жарық беру сигналдарымен (жарқылдауық маяктармен) жабдықталады.

Қозғалыс кезінде жарқылдауық маяктардың жұмысы жол қозғалысының басқа қатысушыларына қосымша хабар беру құралы болып табылады және артықшылықпен жүріп өту құқығын бермейді.

12. Арнайы рұқсат ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүргізушісінде болады және бақылаушы органдар өкілдерінің талабы бойынша көрсетіледі.

13. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының автомобиль жолдары бойынша жол жүріп өтуіне қозғалыс қарқындылығы мейлінше аз сағаттарда, ал елді мекендерден тыс жерлерде - тәуліктің жарық уақытында рұқсат етіледі.

Тәуліктің қараңғы уақытында елді мекендерден тыс жерлердегі жолдармен, сондай-ақ тәуліктің жарық уақытында қозғалыс қарқынды болған кезде тасымалдауға ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралының жүріп өтуін бүркемелеу немесе ілесіп жүру автомобилінің еріп жүруі шартымен ғана рұқсат етіледі.

14. Көлік құралдарының қозғалысын елеулі түрде кідіртуге және айналасындағылар үшін жоғары қауіп төндіруге қабілетті жол-ауа-райының қолайсыз жағдайлары мен қозғалыс қарқындылығы жағдайларында тасымалдауға рұқсат етілмейді.

15. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралымен, сондай-ақ бүркемелеу және ілесіп жүру автомобильдерімен тәуліктің жарық уақытында қозғалған кезде жақынға жарық түсіру шамдары қосылады.

16. Мына жағдайлардың барлығында:

- 1) ірі габаритті автокөлік құралының ені 3,5 метрден асатын болса;
- 2) ірі габаритті автокөлік құралының ұзындығы 24 метрден асатын болса;
- 3) ірі габаритті автокөлік құралының биіктігі 4,5 метрден асатын болса;
- 4) автокөлік құралының жалпы салмағын "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес белгіленген рұқсат етілген жалпы салмағынан асатын болса;

5) Арнайы рұқсаттың "Қозғалыстың ерекше шарттары" бағанында жол жүру бағытындағы қандай да бір жол құрылысы бойынша жеке дара тәртіппен қозғалуы рұқсат етіледі деп көрсетілген жағдайда немесе жол жүру бағытының жекелеген учаскелерінде қозғалысты ұйымдастыруға жедел ықпал етуді талап ететін басқа да шарттар көрсетілген басқа жағдайларда, бүркемелеу автомобилінің болуы міндетті.

17. Елді мекендерде:

1) ірі габаритті автокөлік құралының ені 5,0 метрден асатын;

2) ірі габаритті автокөлік құралының ұзындығы 40,0 метрден асатын;

3) қозғалыс кезінде ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы қарсы қозғалыс жолағын ең болмағанда ішінара иеленуге мәжбүр болған жағдайларда ғана ілесіп жүру автомобилінің болуы міндетті.

18. Уәкілетті орган немесе мемлекеттік кірістер органдары ірі көлемді автокөлік құралдарының елді мекендер арқылы өтуіне ілесіп жүру автомобилі қажет болған кезде осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайларда полицияның тиісті аумақтық бөлімшелеріне Арнайы рұқсатта көрсетілген бағыт бойынша ірі көлемді ауыр салмақты автокөлік құралына ілесіп жүру қажеттілігі туралы хабарламаны жолдайды.

Полицияның аумақтық бөлімшелері хабарламаны алған күннен кейін келесі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ірі көлемді автокөлік құралдарының елді мекендер арқылы жүріп өтуіне жәрдемдеседі, ол туралы тасымалдаушыға хабарлайды.

19. Бүркемелеу немесе ілесіп жүру автомобилі оның сол жағы ілесіп жүретін ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының сол жағынан шығыңқы болатындай түрде жол бере отырып, ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының алдында 10-20 метр қашықтықта қозғалады.

20. Көпірлер мен жол құрылыстары арқылы жүріп өту кезінде қозғалыс келісуші ұйымдар айқындаған шарттарға сай жүзеге асырылады.

21. Ілесіп жүру автомобилі жол қиылыстарынан өту кезінде авариялық жағдайларды болдырмау мақсатында қиылысатын көшелер мен жолдардағы қозғалысты уақтылы тоқтатуды қамтамасыз етеді.

22. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы қозғалысының жылдамдығы Арнайы рұқсатта белгіленген көрсеткіштерден аспауы тиіс.

Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жалпы пайдаланылатын жолдар бойынша қозғалған кезде жылдамдығы 60 км/сағаттан, ал жасанды құрылыстарда 10 км/сағаттан аспауы тиіс.

23. Қозғалыс процесінде ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүргізушісі:

1) қарсы келе жатқан автокөлік құралдарын кедергісіз және қауіпсіз өткізіп жіберу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

2) жол қозғалысына бөгет жасамайды және артында келе жатқан автокөлік құралдарының басып озуына мүмкіндік береді.

24. Ірі габаритті көлік құралының биіктігі 4,5 метрден артық болған жағдайда, тасымалдаушы көпірлердің, құбыр жолдардың және басқа да коммуникациялардың астымен қозғалу кезінде биіктікті қосымша бақылаулық өлшеуі қажет.

25. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуін жүзеге асыра отырып:

- 1) мерзімі өткен Арнайы рұқсатпен рейске шығуға;
- 2) Арнайы рұқсатқа қандай да бір өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- 3) белгіленген қозғалыс бағытынан ауытқуға;
- 4) Арнайы рұқсатта көрсетілген қозғалыс жылдамдығын арттыруға;
- 5) 30 км/сағат және одан жоғары жылдамдықпен келе жатқан автокөлік құралдарын басып озуға;
- 6) басқа көлік құралдарын сүйретуге;
- 7) қозғалысты қолайсыз ауа-райы жағдайларында (көктайғақ, көрінім 100 метрден кем және т.с.с.) жүзеге асыруға;
- 8) егер тасымалдау шарттарында мұндай қозғалыс тәртібі белгіленбесе, жол жиегімен жүруге;
- 9) жолдың жүру бөлігінің шегінен тысқары орналасқан арнайы тұрақтардан тыс жерлерге тоқтауға;
- 10) автокөлік құралының техникалық жарамсыздығы туындаған немесе қозғалыс қауіпсіздігіне және (немесе) жүктің сақталуына қауіп төндіретін жүктің бекітілуі бұзылған кезде қозғалысты жалғастыруға жол берілмейді.

26. Автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін айқындау кезінде өлшеу жабдығының тасымалдаушының пайдасына шешілетін белгіленген ауытқулықтарын ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актісі жасалады.

Автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады.

27. Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жол берілетін салмақтық және (немесе) габаритті параметрлерінің асып кету фактісі анықталған жағдайда, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қабылданады және мынадай жағдайларда:

- 1) автокөлік құралының салмақтық және (немесе) габариттік параметрлерін асыра отырып, жол жүру бағыты бойынша әрі қарай жүксіз немесе бөлінбейтін жүкпен не мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкпен жүру және автокөлік құралдарының жол жүру бағыты іс жүзінде жүріп өткен жолына алым

сомасын төлеу, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте арнайы рұқсат қағазын ала отырып жүріп өту, алдағы бөлігіне алым сомасын төлеу, жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі не мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүгі бар ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз жүріп өткені анықталған кезде, сондай-ақ арнайы рұқсаттың мерзімі өтіп кеткен кезде;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне сәйкес келтіру үшін тасымалдаушының автокөлік құралын артық жүктен босатуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралы шыққан кезде және арнайы рұқсат берілместен іс жүзінде жүріп өткен бағыттың бір бөлігі үшін автокөлік құралдарының жүріп өтуіне алым сомасын төлеу - бөлінбейтін жүк немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкке жатпайтын жүгі бар ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені анықталған кезде;

3) автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін төленген алымға қосымша осы Қағидаларда белгіленген тәртіпті бұза отырып және салмақтық және габариттік параметрлерді іс жүзінде көрсете отырып, осы Қағидаларда белгілеген тәртіппен арнайы рұқсатты ала отырып, іс жүзінде жүріп өткен бағыт үшін автокөлік құралдарының алымын тасымалдаушы төлегеннен кейін - ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлерінің бірінен асып кету фактісі анықталған кезде;

4) тасымалдаушы іс жүзінде жүріп өткен бағыт бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын төлеген және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен арнайы рұқсатты алғаннан кейін - ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жолды арнайы рұқсатта көрсетілген бағыттан ауытқи отырып жүріп өтуі анықталған кезде;

5) осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген мерзімде әкімшілік полициясы ілесіп жүру автомобилін бөлгеннен кейін - осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайларда ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ілесіп жүру автомобилінсіз жүріп өтуі анықталған кезде;

6) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне сәйкес келтіру үшін тасымалдаушының автокөлік құралын артық жүктен босатуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралының шығуы үшін және іс жүзінде жүріп өткен жол үшін алым сомасын төлеу - бөлінбейтін жүкке немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында

тасымалданатын сұйық жүкке жатпайтын жүгі бар, арнайы рұқсаты бар ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені анықталған кезде тасымалдау қалпына келтіріледі.

3-тарау. Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты беру тәртібі

28. "Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызметті) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді (бұдан әрі - өтініш) тасымалдаушылардың (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет алушы) беруі арқылы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетінің аумақтық органдары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді:

1) отандық тасымалдаушы - Мемлекеттік корпорацияға немесе www.elicense.kz, www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы;

2) шетелдік тасымалдаушы - уәкілетті органға немесе мемлекеттік кіріс органдарына береді.

29. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі-Стандарт) нысанында мемлекеттік қызметті көрсету Қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес жазылған.

30. Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезінде құжаттардың түпнұсқасынан электрондық көшірмесін жасайды, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

31. Жеке басты куәландыратын құжат мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

32. Көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

33. Құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

34. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік

корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

35. Өтінішті портал арқылы берген кезінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

Тиісті ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерде мемлекеттік қызметті көрсету стандартына сәйкес тізімдер мен шарттар көрсетіледі.

36. Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш түскен кезде оны тіркеу және ондағы мәліметтерді:

1) ұсынылған ақпараттың толықтығы;

2) жүкті тасымалдауға қойылатын автокөлік құралының техникалық сипаттамаларының сәйкестігі мәніне тексеру жүргізіледі.

37. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін портал арқылы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

38. Арнайы рұқсатты алуға өтінішті қарастыру мерзімі ол тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін, ал тасымалдау бағытын келісу қажет болмаған жағдайда - 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

39. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мерзім ішінде тасымалдаушыны Арнайы рұқсатты беру және Кодексте белгіленген ставкалар бойынша және тәртіппен ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені үшін төленуі қажет алым сомасы туралы тасымалдаушыға хабарлайды немесе Арнайы рұқсат беруден дәлелді бас тартуды береді.

Тасымалдаушыға хабар берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төлемінің болмауы жағдайда, арнайы рұқсатты беру жүзеге асырылмайды.

40. Арнайы рұқсат қозғалыс маршрутын белгілегеннен және Кодексте белгіленген мөлшерлемелер бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым (бұдан әрі - алым) сомасы төленгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен астам емес мерзімде беріледі.

41. Көрсетілетін мемлекеттік қызметі көрсетуден бас тарту негіздері:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) келісуші ұйымдардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы;

4) егер автокөлік құралының жасаушы зауыт белгілеген техникалық сипаттамалары тасымалдауға мәлімделген ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе;

5) тасымалдаушыға хабар берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төлемінің болмауы;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы

42. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларда өтінішті қарау барысында тасымалдаушының өтінішін келісуші ұйымдармен келісуді жүргізеді.

Өтінішті келісу мерзімі ол келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Келісуші ұйымнан белгіленген мерзімде жауап болмаған жағдайда, тасымалдаушының өтініші келісілген болып есептеледі.

43. Ұсынылған тасымалдау маршрутын келісу кезінде тасымалдау қауіпсіздігін, жолдардың, жол құрылысы мен өзге де инженерлік құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету, жол жүру бағытындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі бөлігінде жүру жолы бойынша автомобиль жолдарының, жол құрылысы мен өзге де инженерлік құрылыстардың көтерушілік қабілеті және өткізу қабілеті бағаланады.

44. Автомобиль жолдарының жол құрылыстары мен өзге де инженерлік құрылыстардың көтерушілік қабілетін бағалау үшін есептеудің сынақтан өткізілген әдістерін, жолдардың жол құрылыстары мен өзге де инженерлік құрылыстардың жай-күйі туралы ақпаратты, сондай-ақ қосымша зерттеулердің материалдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

45. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралын өткізудің теріс көрсеткіштері болмаса, онда келісуші ұйым отандық тасымалдаушының өтінішінде портал арқылы, ал шетелдік тасымалдаушының өтінішінде мөрмен куәландыра отырып, жазбаша түрде өз шешімін растайды.

46. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі мүмкін болмаса немесе егер оны жүзеге асыру үшін жол жамылғысын немесе жол құрылыстарын нығайту бойынша қосымша шаралар жүргізу талап етілетін болса, келісуші ұйым бұл туралы уәкілетті органды

немесе мемлекеттік кіріс органдарын жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында хабардар етеді немесе күшейту жұмыстарын орындау қажет болған кезде басқа жол жүру бағытын ұсынады.

47. Арнайы рұқсатты алуға өтініш:

1) автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған;

2) бұрын алынған арнайы рұқсатта көрсетілген автокөлік құралының техникалық сипаттамалары және салмақтық-габариттік параметрлері сәйкес болған кезде көлік құралын ауыстырған (сынған жағдайларда);

3) бұрын алынған арнайы рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні қалғанда арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайларда 1 (бір) жұмыс күнінде қаралады.

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым өндірілмейді және бұрын алынған арнайы рұқсатта көлік құралы ауыстырылғаны немесе арнайы рұқсаттың қолдану мерзімі ұзартылғаны туралы өзгерістер енгізіледі.

Арнайы рұқсаттың қағаз тасығышындағы өзгерістер уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылады және мөрмен куәландырылады.

Арнайы рұқсаттағы ұзарту мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауы тиіс.

48. Өтініште көрсетілген мәліметтер мен деректемелер:

1) егер тасымалдаушы заңды тұлға болып табылса, бірінші басшының (оның орынбасарының немесе сенімді адамының) қолымен және мөрмен;

2) егер тасымалдаушы жеке тұлға болып табылса, қолымен және жеке басын куәландыратын құжат деректері.

3) егер тасымалдаушы дара кәсіпкер болып табылса, қолымен және дара кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәлігінде қамтылған деректер көрсетіле отырып куәландырады.

Электрондық сұрау салуды беру кезінде мәліметтер мен деректемелер электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

49. Көрсетілген мерзім ішінде жарамды болатын арнайы рұқсат белгіленген бағыт бойынша бір тұрпатты ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты бөлінбейтін жүкті немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында сұйық жүкті тасымалдайтын бір автокөлік құралына беріледі.

Арнайы рұқсат алты айға дейінгі мерзімге беріледі.

50. Арнайы рұқсат осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды түрде дайындалады.

51. Берілген арнайы рұқсаттар туралы мәліметтер уәкілетті органның электронды ақпараттық ресурсында қалыптасады.

52. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

53. Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация филиал басшысының атына Мемлекеттік корпорацияның интернет-жүйесінде көрсетілген www.gov4c.kz мекен-жайы мен телефондары арқылы беріледі.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, пошта арқылы түскен шағымның қабылданғанын растау оны қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін көрсетіле отырып, кеңседе тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні) болып табылады.

54. Мемлекеттік қызметті көрсету сұрақтары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының, көлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына бере алады.

55. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушімен, уәкілетті органмен оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органымен оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

56. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 25-бабы 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушімен, уәкілетті органмен және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

57. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының
аумағында ірі габаритті және
ауыр салмақты жүктерді
тасымалдауды ұйымдастыру
және оны жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат № _____

АКҚ маркасы	
Моделі	
Нөмірлік белгісі	
Бағыты	
Бағыт бойынша өтетін елді мекендердің атауы	
Жолдың ұзақтығы, км	

1. Көлік құралының параметрлері:

Көлік құралының жалпы салмағы, тоннамен _____	Жүктің салмағы, тоннамен								
Ұзындығы, метрмен _____	ені, метрмен ____	биіктігі, метрмен ____							
Көлік құралының артқы сыртқы нүктесінен жүктің тысқары шығуы, метрмен	—	—							
Доңғалақ біліктерінің орналасу схемасы және олардың арақашықтығы, метрмен									
Осьтері бойынша жүктеме, тоннамен									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

2. Ілесіп жүру үшін бөлінген көлік құралдары

Маркасы	
Моделі	
Нөмірлік белгісі _____	

3. Жүкті тасымалдаушы ұйымның деректері

Атауы/ТАӨА /	
Мекенжайы және телефоны	

4. 20__ жылғы "____" _____ бастап 20__ жылғы "____" _____ дейін жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар бойынша жылдамдығы 60 км/сағаттан астам емес, ал жасанды құрылыстарда 10 км/сағат жүруге рұқсат етіледі.

5. Қозғалыстың ерекше жағдайлары: Бөлінбейтін жүктерді не мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктері бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралдарымен ЖҚЕ мен ҚР ИИДМ-нің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Жүріп өткені үшін алымдар есебі _____

_____ Төлем сомасы _____

_____ (жазбаша)

7. Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым:

Негізгі тартқыштың жүргізушісі _____

_____ (ТАӨА)

Жүкпен ілесіп жүретін тұлға _____

_____ (ТАӨА)

8. Рұқсат _____

_____ (Уәкілетті органның атауы, тегі, аты,

_____ берілді.

_____ әкесінің аты (болған кезде), берілген күні)

Ескертпе: арнайы рұқсаттың барлық бағандары біркелкі сиямен толтырылуы тиіс (толтырылмаған бағандар сызылып тасталады).

Қазақстан Республикасының
аумағында ірі габаритті және
ауыр салмақты жүктерді
тасымалдауды ұйымдастыру
және оны жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актісі № _____ серия _____

20__ жылғы " __ " _____ сағ. __ мин. __ . _____

(Күні және уақыты) _____ (Толтыру орны)

Біз, бас (жетекші) маман(дар) _____

(лауазымды тұлғаның Т.А.Ә., мемлекеттік органның атауы)
және автокөлік құралының жүргізуші (заңды тұлғаның өкілі) _____

(Т.А.Ә., жеке басын (өкілеттікті) куәландыратын құжат,

тұратын (орналасқан) жері, жұмыс орны (бар болған кезде)

Автокөлік құралының (тартқыш) маркасы _____ мем.номер _____

тіркеме/жартылай тіркеме _____ мем.номер _____

Жүру бағыты _____ арақашықтығы _____ км.

Жүктің атауы _____ жүктің салмағы _____ т.

Ілеспе құжаттар: _____

(жол парағы, арнайы рұқсат (бар болған кезде), кіммен және қашан берілді)

Куәлардың (куәгерлердің) қатысуымен:

1. _____

(Т.А.Ә., тұратын орны, телефоны, қолы)

2. _____

(Т.А.Ә., тұратын орны, телефоны, қолы)

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексінің 754, 755-баптарында көрсетілген құқықтармен және міндеттермен таныстық.

Осы автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актісі бастапқы деректер бойынша жасалды:

Параметрлері	Рұқсат етілген	Нақты	Асқаны

Жол бетінен есептелген биіктігі, м.										
Ені, м.										
Ұзындығы, м.										
Жүк автокөлік құралының артқы сыртқы нүктесінен тысқары шықпауы тиіс										
Толық салмағы, т.										
Тіркеменің толық салмағы, т.										
АКҚ-н доңғалақ формуласы	Осы	1 - осы	2 - осы	3 - осы	4 - осы	5 - осы	6 - осы	7 - осы	8 - осы	9 - осы
	Рұқсат етілген									
	Нақты									
	%									
Еңістігі										
Біліктердің арақашықтығы, м.										

Өлшеу _____

(техникалық өлшеу құралын метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, күні) жүргізілді.

Автокөлік құралын _____ мем. нөмірі _____ қайта өлшеу нәтижесі бойынша салмақтық және (немесе) габариттік параметрлері белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерінен артық/артық емес (қажеті сызылсын) Жүріп өтуі үшін алым сомасының есебі _____

Төлеу сомасы _____

Актіні жасаған(дар) _____

(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

Куәлар (куәгерлер): 1. _____ 2. _____

(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)

Актінің көшірмесін алдым _____

(жүргізушінің (заңды тұлға өкілінің) Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында ірі габаритті және
ауыр салмақты жүктерді
тасымалдауды ұйымдастыру
және оны жүзеге асыру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты алу (ұзарту) үшін өтініш

Тасымалдаушының атауы	
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) / бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
Мекенжайы, телефоны	
Жүктің атауы	
Жүктің салмағы (тоннамен)	
Автокөлік маркасы:	мемлекеттік нөмірі:
Тіркеменің (жартылай тіркеменің) маркасы:	мемлекеттік нөмірі:
Көлік құралының түрі	
Жүк көтергіштігі (тоннамен)	
Изотермиялық шанақтың болуы	
Әуе немесе оған балама аспаның болуы:	
Жүру бағыты	
Бағыттың жалпы ұзақтығы (километрмен):	
оның ішінде қалалардың аумағы бойынша (километрмен):	
Рейстердің (жол жүру) саны:	
Жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):	
Ілесіп жүру түрі:	мемлекеттік нөмірі:
Жүру күні мен уақыты:	
Арнайы рұқсатты ұзарту немесе көлік құралын ауыстыру жағдайларында толтырылады (қажеті сызылсын)	
Бұрын берілген арнайы рұқсаттың нөмірі мен күні:	
Ауыстырылатын автокөлік маркасы:	мемлекеттік нөмірі:
Ауыстырылатын тіркеме (жартылай тіркеме) маркасы:	мемлекеттік нөмірі:

Автокөлік құралының жүгін қоса есептегендегі нақты салмақтық және габариттік параметрлері

Параметрлері	Нақты			Рұқсат етілген			Асқаны		
Жол бетінен биіктігі, метрмен									
Ені, метрмен									
Ұзындығы, метрмен									
Көлік құралының артқы сыртқы нүктесінен жүктің тысқары шығуы, метрмен									
Толық салмағы, тоннамен									
Тіркеменің толық салмағы, тоннамен									
Доңғалақ формуласы (еңістігі)	1 - осы	2 - осы	3 - осы	4 - осы	5 - осы	6 - осы	7 - осы	8 - осы	9 - осы
Осьтерінің арақашықтығы (метрмен)									

Автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін тартылған (X) _____

Қосымша деректер _____

Қоса берілетін құжаттар: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

(қолы)

* Ескертпе: толық емес және (немесе) анық емес ақпарат өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымша

"Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
2	Көрсетілетін мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) құжаттарды қарастыру нәтижелері туралы хабарламаны беру: тасымалдау бағытын келісу қажет болған жағдайда - 2 (екі) жұмыс күні; тасымалдау бағытын келісу қажет болмаған жағдайда - 1 (бір) жұмыс күні; автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған жағдайда - 1 (бір) жұмыс күні; 2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат (бұдан әрі - арнайы рұқсат) (он жұмыс күні ішінде алымды төлегенін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап) не бас тарту туралы дәлелді жауап - 1 (бір) жұмыс күні.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Арнайы рұқсат немесе бас тарту туралы дәлелді жауап. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі пайдаланушы кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі басып шығарылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің түпнұсқалығын www.egov.kz порталында тексеруге болады. Барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды беруді жеке куәлікті, өкілеттігін растайтын құжатты және ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжатты ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырады;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлікті, өкілеттігін растайтын құжатты және ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжатты ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады;</p> <p>3) портал арқылы - пайдаланушының кабинетіне мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен мекенжайы көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден өндірілетін төлем мөлшері және оны өндірудің Қазақстан Республикасы заңнамаларымен көзделген тәсілдері	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым (бұдан әрі - алым) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабы 3-тармағында белгіленген алым мөлшерлемелері бойынша республикалық бюджетке төленеді.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының орналасқан орны бойынша, жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғандағы аралықта, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының орналасқан</p>

		<p>орны бойынша, жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі, кезекті портал арқылы броньдауға болады;</p> <p>3) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.</p>
8	<p>Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіге: жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі); Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (хабарлма келіп түскен сәттен бастап).</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияға: жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі); Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (хабарлма келіп түскен сәттен бастап).</p> <p>3) порталда: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы.</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжат, жеке кәсіпкерді және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларда) мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
9	<p>Көрсетілетін мемлекеттік қызметі көрсетуден бас тарту негіздері</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) келісуші ұйымдардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы;</p> <p>4) егер автокөлік құралының жасаушы зауыт белгілеген техникалық сипаттамалары тасымалдауға мәлімделген ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе;</p> <p>5) Тасымалдаушыға хабар берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төлемінің болмауы;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.</p>

	<p>Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың түпнұсқасынан электрондық көшірмелерді шығарады, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді.</p>
<p>10 Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескеріп отырып қойылатын өзге талаптар</p>	<p>Тыныс-тіршілігін шектейтін, ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 нөміріне жүгіну арқылы тұрғылықты жерге шығу ж о л ы м е н ж ү р г і з е д і .</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Министрліктің - www.miid.gov.kz "Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімде;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурстарында о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі және мәртебесі туралы а қ п а р а т т ы а л у м ү м к і н д і г і б а р .</p> <p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ЭЦҚ-сы болған шарттарды портал арқылы электрондық нысанда алады.</p>

Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) немесе ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайы: _____) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты _____

_____ мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады,
атап айтқанда:

Ұсынылмаған құжаттардың атауы:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3) ... Осы қолхат 2 данада әр тарапқа бір-бір данадан жасалды.

Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____

Телефоны _____

Алдым: _____

Т.А.Ә. _____ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 ____ жылғы " __ " _____